

Жетісу облысы, Ақсу ауданы  
«Қарашілік орта мектебі, мектепке дейінгі  
шағын орталығымен» КММ

**ҚАРАШІЛІК АУЫЛЫНЫҢ  
ГЕОГРАФИЯСЫ, ӨСІМДІКТЕРІ МЕН  
ЖАНУАРЛАР ДУНИЕСІ**

Қарашілік, 2024

Ұсынылып отырған кітапшада Қарашілік ауылының географиясы, топонимикасы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің систематикасы жазылған. Кітапша мектеп оқушыларына, жергілікті жер тұрғындарына өз туған ауылы жайлы білуге көмекші құрал бола алады.

Құрастырған: Кожахметова Н.З

Қарашілік құт дарыған, қасиетті жерің бар,  
Байтақ даңаң, гүлге толы төсің бар....

### *Алғы соz*

Құрметті оқырман, қадірлі балалар өздерінізге арнап жазылып отырған бұл кітапша Қарашілік ауылының гео-экологиялық жағдайын анықтап жазуға арналған. Өлке географиясы, оның ішінде жергілікті жердің өсімдіктері мен жануарлар дүниесінің систематикасы жинақтаталып жазылды.

Мұндағы алға қойған мақсатым:

Жергілікті өлке материалдарын, яғни географиясын, тарихын, топонимикасын, жергілікті жердің өсімдіктері мен жануарлар дүниесінің түрлерін жинақтай отырып, оқушыларға көмекші құрал ретінде ұсыну. Әрбір азаматтың өз туған жері жайлы мағлұмат алуына көмектесу. Жер-су атауларының шығу тарихы (топонимика) жайлы кейбір мәліметтерді жинақтауға 1961 жылы июнь айынан бастап, 1967 жылы сентябрь айына шейін бұрынғы Сталин колхозының бастығы болған 1927 жылы 10 қазанда туған Тоғанбаев Тұрганбай Жұмабекұлы мен Уахитов Сартбай деген ауыл ақсақалдарының көмектерін пайдаландым.

Жер көлемі, халық саны Қарашілік ауылдық округінің статистика бөлімінен алынды. Ауылдың құрылған жылдары жайлы мәліметтер архив материалдары, «Гүлденген өлке алпыста», «Ағынды менің Ақсуым» т.б кітаптарды салыстыра отырып және кейбір жеріне Тоғамбай ақсақалдың айтуы бойынша өзгертулер енгізе отырып жазылған. Туған жердің географиясы туралы білім беру географиялық білім мазмұнының негізгі бөлігі. Мен оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру арқылы туған ауылы жайлы мәліметтер жинақтауға бағыт беремін. Бұл кітап олардың ғылыми ізденістеріне жол сілтер көмекші құрал болатынына сенемін.

## **Ауыл тарихы және оның географиясы**

Жер көлемі: 2793 км<sup>2</sup>

Халқының саны: 600 адам (2021ж статистика бойынша)

Ақсу өнірінің әр елді мекенінің өзіндік шежіресі бар. Сол секілді біздің ауылымыз Қарашиліктің де тарихы әріден басталады. Географиялық орны бойынша ауыл ауданың орталық бөлігінде Сағабүйен елді мекенінен 7 шақырым жерде тауалды жазығында орналасқан.

Бұл ауыл Шоңай батырдың ұрпағы өскен жер. Ауылдың солтүстік батысында 1,5 шақырым жерде Шоңай батырдың қос ұлы, қалмақтармен жолбарыстай жұлдысқан Назар, Нартайлақ батыр жерленген. 1993 жылы үлкен ас беріліп, бастарына жаңа мазар тұрғызылды.. Ал кейінгі ұрпағы сол жерді еміп, тескейге малын, төнірекке дәнін өсіріп келеді.

Қарашилік ауылдың кеңесі алғаш 1928 жылы құрылған. Оған қарасты 8 ТОЗ-артельдер болды (ТОЗ товорищество обработка земель- жерді өңдеу серіктестігі)

1930жылы №13 Көлденең ауыл советі деп аталды. 1932- 33 жылдары №13 Көлденең ауыл Советі 7 колхоз болып құрылды.

1. Сталин, 2. Сағабүйен, 3. Сага-күрес, 4. Алқалы 5.Тақыртұма, 6. Қарашилік, 7. Көкөзек.

Осы жерде айта кететіні «Сталин» колхозы алғашында Ойтоған, Белтоған жанында 9 км жерде Сталин совхозы (жаңа баздың төменгі жағында 1 км жерде) Көлденең өзенінің бойында орналасқан. Сол өзеннің бойында 9 км жерде Ойтоған колхозы болған еken. Сталин колхозы Көлденең өзенінің онтүстік жағында, Ойтоған Көлденең өзенінің солтүстік жағында, 1,5 кмден кейін солтүстік жағында Белтоған деген жер болған (20 - 25 үй). 1935 жылы жоғарғы Советтің алғашқы сайлауы болып, 1936 жылы үш колхоз бірігіп «Сталин» колхозы аталған.

Ал, 1935 жылы Тақыртұма мен Алқалы қосылып – Тақыртұма, Қарашилік пен Көкөзек қосылып – Көкөзек колхозы болды. 1951 жылға дейін 5

колхоз болып тұрды. 1. Сталин, 2. Сағабүйен, 3. Саға- күрес, 4. Алқалы, 5. Көкөзек орталығы «Қарашилік» деп аталды. Осы 5 колхоз Қарашилік ауыл Советіне қарады.

1951жылы ССРО орталық комитетінің қаулысы бойынша 5 колхоз ірілендіріліп Сталин колхозы аталды. Алғаш орталығы Қарашиліктे болды, содан кейін Сағабүйенге көшті.

1965-66 жылдары Сталин колхозы Жансүгіров атындағы совхозға көшіріледі. Алғашында совхоз үш бөлімшеден тұрады. 1. Саға- күрес, 2. Сағабүйен, 3. Қарашилік. Кейіннен мал саны көбейіп № 4 бөлімше Жанаш қосылады.

Елді мекен атының шығу тарихы: Ауылдың Солтүстік шығысында Алқалыға баратын жолда Тастыөзек деген жер бар. Сол жерден өзен ағып өтеді, өзен жағалауында «Шілік» деп аталатын тік, ұзын болып өсетін ағаш көп өскен. Сол себепті ауыл Қарашилік деп аталып, ал өзен «Шілік» өзені деп аталған.

### **Топонимикалық атаулары**

«Топонимика» - сөзі гректің «топос»-мекен жай, «ономо»-ат, есім деген сөздерінен шыққан. Яғни жер-су атауларының шығу тарихын зерттейтін ғылым.

1. «Қарашилік»-бір кездегі өзен жағалауындағы шілік ағашының көп болуына байланысты аталған.
2. «Қос-Батыр»-Қарашилік елді мекенінің Солтүстік батысында орналасқан кесене (Бейіт). «Қос-Батыр» аталу себебі: Қазақ жерін, елін жоңғар шапқыншылығынан қорғаган Шоңай батырдың балалары «Назар», «Нартайлак» деген екі батыр жерленген.
3. «Тасты-өзек»-өзектің маңы түгел тақыр, тасты болып келуіне байланысты аталған.
4. «Аттанжар»-тік, құзды жар.

5. «Досай»-кісі атына байланысты аталған баз.
6. «Көкөзек»-көк шөп, көк тал өте көп болуына байланысты аталған.
7. «Ақкөл»-көлдің маңы тақыр, сортанды болып жатуына байланысты.
8. «Ашылы өзек»-жері сортаң (изен, жусан) болуына байланысты.
9. «Тақыртұма»-Тұманың маңы шөп өспеген тақыр болған.
- 10.«Торқа» (Алқалы, Тақыртұма жерін «торқа» деп атаған.) Торқа деп аталуы-жері майда, егіс себуге жері құнарлы тары егілген сондықтан аталған. Осы жер туралы Тоғанбаев Тұрганбай ақсақалдардың аузынан жазып алынған 4 жол өлең шумағын беруді жөн көрдім. Ол кісінің айтуынша Дінібай деген кісі түйесін жетектеп Торқадағы Қаржауларға келген. Сонда Дінібай:

Келіп қалдық торқаға,  
Біреуден біреу қорқама,  
Үлкен деп силай салыңыз,  
Бекерге адам жортама-деген екен.

- 11.«Себей баз»-(төрт сары елінен шыққан батыр). Соның жері. Себей өзегі деп де аталады.
- 12.«Айдабол тоғаны»-Айдабол Құлік екеуі бірігіп Айдабол көмейі деген көлденеңдің суын байлаған, сол жерге егіс сепкен, Ақкөлге барып құятын су осы Айдабол тоғаны арқылы барады, алғаш мекендерген жеріне тал отырғызған. (Айдабол талы)
- 13.«Бұқабай тоғаны» (төртсары елінен шыққан адам атына байланысты қойылған.  
  
Бұл тоған Қосбатырды қобақтап жүре береді.
- 14.«Байшал тал» –Байшал деген кісі отырғызған.
- 15.«Бөкенөзек» (Қарашибілктің солтүстік батысында)-өзен жағалап ел отырған. (Желдібай деген кісі би болған.)
- 16.«Құлан-Бұлан»-ағайынды екі кісінің бейіті.
- 17.«Үйрекбаз»-алғаш кездері үйрек асыраған.

1967 жылы салынып, 1969 жылы аяқталады. Сол кезде колхоз басқармасының бастығы Панфилов ауданы Октябрдің 40 жылдығы атындағы колхоздан 20 мың үйрек сатып әкеп өсірген екен. Содан Үйрек баз аталаپ кеткен.

- 18.«Қансу-су түсі қоңыр» (кісі батуына байланысты)
- 19.«Шошқабаз»-1959 жылы алғаш шошқа асырағандықтан аталған.
- 20.«Дайынбаз»-1962 жылдан Дайын қыстағы кісі атына байланысты қойылған.
- 21.«Жаңабаз»-совхоз жаңадан баз салған.
- 22.«Балықбаз». (1958 жылы) Пушкарский деген орыс үй салып, суды байлап балық өсірген.
- 23.«Көктүма»-тұма маңы шөбі шүйгін, шалғынды.

### **Табиғат жағдайы**

**Климаты:** қатаң континентті. Қысы сүйк, жазы ыстық. Күз бен көктем айлары өте салқын. Шілде айының орташа  $t$ -сы шамамен  $+20+25$  С-қа кейде  $+30+35$  С-қа барады. Қысқы температура шамамен  $-18-20$  -қа, аязды күндері  $-30-35$  С-ге тең болады. Қар қараша айының соңында түсіп, науырыз айына дейін жатады. Қардың қалындығы 15-20 см. Жауын-шашын мөлшері 150-250мм шамасында. Жел көбінесе батыстан → шығысқа қарай соғады.

**Топырағы:** Қара топырак, сұр қоңыр топырақ, кей жерлері құмдауыт. Оңтүстік, Оңтүстік батысында құмды, қызыл қоңыр топырақ, орталығында қоңыр, сұр топырақ, солтүстігінде құнарлы қара топырақ жиі кездеседі. Топырағына қарай өсімдіктері де сан алуан. Далалы жерлеріндегі: жусан, тобылғы, топ-топ ши, шенгел. Су маңында қамыс, қоға, өзен бойларында жиде ағашы, қарағаш, үйенқі.

**Суы:** Жер асты суына бай. Шілік өзені бастауын Бүйен өзенінен алады. Өзен суы суармалы егістікке, ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Сонымен бірге ауылдың батысында Көктұма, Тоспа, бұлағы бар. Оқушылар көктем айларында бұлақ көздерін тазалайды.

**Климаты:** Коңыржай. Қысы суық, жазы ыстық. Күз бен көктем айлары өте салқын. Шілде айының орташа  $t$ -сы шамамен  $+20+25$  С-қа кейде  $+30+35$  С-қа барады. Қысқы температура шамамен  $-18-20$  –қа, аязды күндері  $-30-35$  С-ге тең болады. Қар қараша айының сонында түсіп, науырыз айына дейін жатады. Қардың қалындығы 15-20 см. Жауыншашын мөлшері 150-250мм шамасында. Жел көбнese батыстан →шығысқа қарай соғады.

**Топырағы:** Қара топырақ, сұр қоңыр топырақ, кей жерлері құмдауыт. Оңтүстік, Оңтүстік батысында құмды, қызыл қоңыр топырақ, орталығында қоңыр, сұр топырақ, солтүстігінде құнарлы қара топырақ жиі кездеседі. Топырағына қарай өсімдіктері де сан алуан. Далалы жерлерінде: жусан, тобылғы, топ-топ ши, шенгел. Су маңында қамыс, қоға, өзен бойларында жиде ағашы, қарағаш, үйенкі.


**Суы:** Жер асты суына бай. Шілік өзені бастауын Бүйен өзенінен алады. Өзен суы суармалы егістікке, ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Сонымен бірге ауылдың батысында Көктұма, Тоспа, бұлағы бар. Оқушылар көктем айларында бұлақ көздерін тазалайды.

## Халқы мен шаруашылығы


### Саны (1999, 2009, 2021)

| 1999 | 2009 | 2021 | 2021 2009-ға<br>пайызбен | Ерлер<br>2009 | Ерлер<br>2021 | 2021 2009-ға<br>пайызбен | Әйелдер<br>2009 | Әйелдер<br>2021 | 2021 2009-ға<br>пайызбен |
|------|------|------|--------------------------|---------------|---------------|--------------------------|-----------------|-----------------|--------------------------|
| 792  | ▼681 | ▼600 | 88,1                     | 360           | ▼333          | 92,5                     | 321             | ▼267            | 83,2                     |

**Халқы:** Негізінен ауылда қазақ ұлттының өкілдері тұрады. 1999 ж санақ бойынша 792 адам, 2009 ж 681 адам, 2021 жылғы статистика бойынша халық саны: 600 адам. ерлері 333, әйелдер 267.



Халық санының өзгерісі, мың адам



**Шаруашылығы:** халық негізінен мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысады. Қазір барлығы жеке шаруа қожалығына айналған. Яғни олар қант қызылшасын, бидай, күнбағыс, зығыр өсіріп, төрт түлік малдан іріқара, жылқы, қой-ешкі өсіріп, бағуда.

## Өсімдіктері мен жануарлары

**Эфемерлі өсімдіктер:** Сарғалдақ, бәйшешек, желайдар

**Дәрілік өсімдіктері:** Жалбыз, жолжелкен, ермен, жетелшай, уқорғасын, адыраспан, капуста, қант қызылшасы, қара қарақат, мыңжапырақ, түйетікен, шенгел.

**Даласында:** жусан, ебелек, изен, қияқ, тобылғы т.б. өсімдіктер өседі.

**Жануарлары:** Қасқыр, тұлкі, борсық, ондатра, мәлін, қоян, қабан, жылан, кесіртке, құм тышқаны, сарышұнақ, кірпі, тасбақа.

**Құстары:** үй маңында қарлығаш, торғай, қарға, шымшық, сауысқан, кептер, қараторғай, көкек, су маңында аққұтан, көкқұтан, ақбас тырна, қаз-үйрек, сондай-ақ дуадақ қырғауыл т.б. құстар.

**Жәндіктері:** Өрмекші тәрізділерден: бү耶, қарақұрт, кене, бунақденелілерден: шегіртке, шілделік, бұзаубас, дәуіт, инелік, жарақша, қасақыжалпайма, коларад қонызы, қиқоныз, қанқыз, көбелек, балара, құмырсқа, шыбын-шіркей. Сонымен қатар біздің ауылымызда қызыл кітапқа енген де өсімдік, жануарлар түрлері бар.

### Қызыл кітапқа енген түрлері:

**Жануарлардан** дуадақ, қара кірпі, ақбас тырна;

**Өсімдіктерден:** адыраспан, уқорғасын, терек, қайын, емен, тобылғы, сарыөрік.

### Эфемерлі өсімдіктер:

**1.Желайдар** (лат. *Anemone*)-сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Биіктігі 10 – 50 см-дей, сабағы тік өседі; сыртын түк басқан. Тамырына жақын жерінде жапырағы болмайды. Ерте көктемде гүлдейді. Желайдардың жапырағының құрамында дәмі ацы **анемонол** болады. Одан ауруды бәсендететін және жүрекке әсер ететін **анимонин** бөліп алады.



**2. Сарғалдақтар тұқымдасы** (*Ranunculaceae*) -кос жарнақтыларға жататын бір не көп жылдық шөптесін өсімдіктердің тұқымдасы. Биіктігі 10-30 см-дей болатын, қабықсыз, түкті тік сабакты, көп жылдық шөптектес өсімдік. Жапырақтары қысқа сағаққа орналасқан айырлы.



**3. Бәйшешек** (*Crocus*) – құртқашаштар тұқымдасына жататын көп жылдық тамыр түйнекті өсімдіктер. **Бәйшешек** – өте әдемі көктемгі гүл, бәйшешекті «көктем жаршысы» деп те атайды. «Бәйшешек» – қызылдақ туысына жататын көп жылдық, пиязды өсімдік. Биіктігі 15 - 30 сантиметр болып келеді. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді.



### Дәрілік өсімдіктері

**Арық жалбызы** (лат. *Mentha longifolia*) – ерінгүлділер тұқымдасының жалбыздар тегінің тамыр сабакты көпжылдық шөптес өсімдігі. Биіктігі 30-180 см, жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, сағақсыз, қандауыр тәрізді, үстіндегі беті қошқыл жасыл, астыңғы беті - үйисқан ақ түкті. Гүлдері сабак ұшында үздікті шоқ, бұтақтарында масақ тәрізді болып шоғырланған. Тостағаншасы қоңырау пішіндес, күлтесі күлгін түсті. Маусым-тамызда гүлдейді. Ылғалды жерлерде, арықтардың бойында өседі.



**Жолжелкен** (*Psylliostachys*) – қорғасыншөптер тұқымдасынажататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Жапырақтары тамыр түбінен шығады, қанат тәрізді тілімденген. Тостағанша жапырақшалары түтікті, бес қалақты, тұкті. Күлтесі шұңқырлау. Гүлдері ұсақ, қызғылт, ақ немесе қызғылт күлгін түсті. 2 – 4-тен масақ гүлшоғырына топталған. Сәуір – маусым айларында гүлдей, мамыр – маусымда жемістенеді.



**Ермен** (*Artemisia absinthium*) - күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, жусан туысына жататын көп жылдық тамырсабакты шөптектес өсімдік. Ашы ерменнің биіктігі 50-100-125 см. Сабағы тік, көп қырлы, өсімдіктің жерүсті мүшелері бозғылт-сұр түсті, басқа өсімдіктерден онай ажыратуға болады. Себебі, жерүсті мүшесі күмістей жалтыраған, қалың, жұмсақ, әрі жабысып тұратын қысқа тұкті болады..



**Бақбақ** (лат. *Taraxacum*) – астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер. Сәуір - мамыр айларында гүлдейді, мамыр - маусымда жеміс береді. Жемісі-дәнек, ол желмен тарайды. Бақбақтың тамыры мен сабағы дәрілік мақсатқа қолданылады, сондай-ақ, мал азығына, тағамға пайдаланылады.



## Жануарлары:

**Қасқыр** ([лат.](#) *Canis lupus*) — жыртқыш аң.



**Тұлқі** (лат. *Vulpes vulpes*) – жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жататын аң.



**Қояндар** (лат. *Leporidae*) - сүтқоректілердің бір тұқымдасы, Құм қоян-қояндардың ішіндегі ең кішісі. Дене тұрқы 38 – 53 см, салмағы 1,5 – 2,5 кг. Арқасы мен бүйірі қоңыр, сұр, ал бауыры ақ түсті.



**Кірпітәрізділер** ([лат.](#) *Erinaceidae*) – [сүтқоректілер](#) класының [жәндікқоректі](#) андар отряды. Бір кірпіде 7-8 мың [ине](#) болады. Қазақстанда 3 түрі мекендейді: [кәдімгі](#) [кірпі](#), [кулакты кірпі](#) және [кара кірпі](#).



## Құстары:

**Қарлығаш** (лат. *Hirrundinidae*) — торғайтәрізділөр отряды. Қарлығаштың қауырсыны тығыз, жотасы қара түсті жылтЫР. Дене тұрқы 9—23 см, салм. 10—60 г.



**Қырғауыл** (лат. *Phasianus*) тауыктәрізділөр отряды, қырғауылдар тұқымдасына жататын құс. Салмағы 1700 г-дай. Қырғауыл - отырықшы құс. Сәуір-мамыр айларында 7-18 жұмыртқа салып, 21-27 күнде балапан басып шығарады.



**Тырналар** (лат. *Grus*) — Тырналар тұқымдасының төрт туысының бірі, Кәдімгідей құрлық құстары, ағаш басына ешқашан қонақтамайды. Тырна туыстыларға тән ерекшелік – басында бұртікті өскіндері және қатқыл түк тәрізді қылтан қаптаған тақыр тері үлескілерінің болуы.



**Шілдер** (лат. *Perdix*) — тауыктәрізділөр отряды, қырғауылдардар тұқымдасына жататын құстар туысы. - Дене тұрқы 35 см, аталығының салмағы 500 г, аналығы – 350 г. Сыртқы қауырсыны сұрғылт, онда көлденен жолақты қара дақтары, бүйірінде қоңыр жолақтары бар, басы мен мойны қызығылт сары түсті, бауыры – ак және онда таға тәрізді қоңыр таңбасы болады.




## Экологиялық жағдайы

**Ауылдың экологиялық жағдайы:** Тұған өлке табиатын қорғау экологиялық проблема бүгінға дүниеге келген жоқ. Солай болса да соңғы жылдары өсімдік дүниесі, жануарлар, табиғи жайылымдар түсімі азайып кетті. Бір кездегі ауыл сыртындағы өзен бойында жайқалып тұрған қалың шілік ағаштары қазіргі кезде жойылып біткен. Адамдар отынға пайдалану мақсатында тобылғы ағашын жойып жіберу үстінде, ал тобылғы Қазақстанның қызыл кітабына енгізілген өсімдіктің бір түрі. Ауыл шаруашылығында кезінде пестицидтер кең қолданғандықтан кейінгі кезде сыртқы қоршаған ортаның мөлшерден тыс уланғаны байқалып отыр. Бұлар адам баласына және жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне үлкен зиян келтіруде. Улар ең алдымен ауаға қосылады, одан суға, судан топыраққа, топырақтан өсімдіктерге, өсімдіктерден малдарға, малдардан адамдарға тарайды. Сөйтіп көзге көрінбейтін биологиялық тізбек жасайды. Адамдардың кейде ауыруға шалдырып себебін таба алмай жатуының өзі, оған ары қарай көз жібермеуінен. Қазіргі кезде ауаның ластануына бірден-бір себеп біз адам баласы өзіміз. Сондықтан, жердің неше түрлі зиянды қалдықтармен мөлшерден тыс уланбауын қадағалап отыруымыз қажет, ол үшін адамдарда «экология», «қоршаған орта», туралы түсінік қалыптасуы, қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге ауыл үй тұрмысынан шыққан қатты қалдық заттармен, көң-қоқыстармен көп мөлшерде ластануда. Әсіресе ауаның ластану мөлшері көктем айларында өте жоғары көрсеткіштерге жетеді. Себебі дәл осы айлары ауыл адамдары қыс бойғы көң-қоқыстарын, сағыр, қатты заттарын сыртқа шығарады. Сағыр, көң-қоқыс өртелінгеннен кейін ауа ластанады. Лас ауамен тыныс алған адамдар ауыруға шалдығады. Сондықтан әрбір ауыл азаматы өз тұған ауылын көркейтуге, ауасының таза болуына атсалысуы тиіс. Бұл әрбір азаматтың міндетті борышы деп санаймын.

## Қосымша -1


Координаттар:  45°28'02" с. е. 79°11'22" ш. б. (G) (O) (Я)

|                          |  |
|--------------------------|--|
| Ауыл                     |  |
| Қарашилік                |  |
| Әкімшілігі               |  |
| Ел                       |  Қазақстан                                      |
| Облысы                   | Жетісүй  |
| Ауданы                   | Ақсу   |
| Ауылдық округі           | Қарашилік  |
| Тарихы мен географиясы   |  |
| Координаттары            |  45°28'02" с. е.<br>79°11'22" ш. б. (G) (O) (Я) |
| Уақыт белдеуі            | UTC+6:00   |
| Тұрғындары               |  |
| Тұрғыны                  | ▼ 600 адам (2021)  |
| Сандық идентификаторлары |  |
| Автомобиль<br>коды       | 19   |



Косымша -2

## Өсімдіктер мен жануарлардың тарапалу ареалы



## Шартты белгілер

|                             |                   |
|-----------------------------|-------------------|
| <b>Жануарлар мен құстар</b> | <b>Өсімдіктер</b> |
| 1.Түлкі                     | 1.Желайдар        |
| 2.Қасқыр                    | 2.Сарғалдақ       |
| 3.Қырғауыл                  | 3.Бәйшешек        |
| 4.Шіл                       | 4.Жалбыз          |
| 5.Тырна                     | 5.Бақ-бақ         |
| 6.Қарлығаш                  | 6.Ермен           |
| 7.Кірпі                     | 7.Жолжелкен       |
| 8.Қоян                      |                   |

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ағынды менің Ақсұым Алматы 2000, Құрастырған Д.Мусанов
2. Алтын ұя Ақсұым Алматы 2007, авт М.Қазбанбетов, С Серпербаев
2. Гүлденген өлкे алпыста
3. Қосымша материалдар ( көнекөз қариялар жазбасы, Қараашілік ауылдық округі әкімшілігінен , архивтен қараған материалдар)

## **Мазмұны**

|   |    |
|---|----|
| 1. Алғысөз.....                           | 3  |
| 2. Ауыл тарихы және оның географиясы..... | 4  |
| 3. Топонимикалық атаулары.....            | 5  |
| 4. Табиғат жағдайы.....                   | 7  |
| 5. Халқы мен шаруашылығы.....             | 8  |
| 6. Өсімдіктері мен жануарлары .....       | 10 |
| 7. Экологиялық жағдайы.....               | 15 |
| 8. Қосымшалар.....                        | 16 |
| 9. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....     | 18 |